

«Сейфуллин оқулары – 18: « Жастар және ғылым – болашаққа көзқарас» халықаралық ғылыми -практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 18: « Молодежь и наука – взгляд в будущее» - 2022.- Т.1, Ч.1 – Б.48-52.

МАЙЛЫ ЗЫҒЫРДЫҢ СЕБУ МЕРЗІМІ МЕН СЕБУ МӨЛШЕРІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ АСТЫҚ ӨНІМДІЛІГІ

*Миралиева Ж., магистрант,
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті , Нұр-
Сұлтан қаласы*

Қазақстан Республикасында майлы зығырды өңдеп өсіру алқаптарын кеңейту және майлы дақылдардың өнімділігін арттыру ауылшаруашылығы саясатының басым бағыттарының бірі болуы тиіс. Елімізге қажет болып отырған өсімдік майларының ішкі нарықта бар болғаны 36% ғана қамтамасыз етілген, қалғаны шетелдерден алынады. Өсімдік майларына әлемдік нарықта сұраныстың күрт өсуіне байланысты, майлы зығырдың селекциялық және технологиялық жұмыстар жүргізу маңыздылығы туындап отыр.

Зығырдан жасалған өсімдік майы - бұл тағамға, сондай-ақ техникалық мақсатта, әсіресе бояу өнеркәсібінде қолданылатын ең жақсы майлардың бірі. Бұл саланың мемлекетте дамуы осы дақылдың майына сұраныстың артуына және тиісінше майлы зығыр егістігінің алқабын кеңейтуге әкеліп соқты [1]. Ш.Н. Илялетдинов өз жазбаларында атап өткендей, Қазақстанда майлы дақылдарды өсірудің оқшауланған аудандары қалыптасқан. Олар Шығыс Қазақстан облысы күнбағыс, Орал қаласы қыша, Қостанай қалалары зығыр және майлы рапс өндіруге маманданған [2].

Зығыр майы көп мақсатты пайдаланылатын құнды ауылшаруашылық дақыл түрі болып саналады. Қазақстанда ХХ ғасырдың аяғындағы Агроөнеркәсіптік кешендегі дағдарыстан кейін, 1990 жылы майлы зығыр астындағы егіс алқабы 4 мың гектарға дейін қысқарған кезде, осы дақылдың өндіріс көлемінің біртіндеп қалпына келуі байқала бастады және бүгінгі күні біздің елімізде жыл сайын 100 мың гектардан астам егісте зығыр дақылы егіледі. Ең көп егіс алқабы 30,5 мың га Қостанай облысының үлесіне тиесілі [3].

Тақырып қазіргі уақытта да өзекті. Майлы зығыр дақылы Солтүстік Қазақстан облысы жағдайында әлі толық қанды зерттелмеген. Бұл дақылға деген қызығушылық соңғы жылдары күнбағыс пен зәйтүн майы баламаларын іздеу қажеттілігі пайда болғанда байқалды. Бұл дақылдың өнімділігін арттырудың негізгі құралы, жоғары өнімділік пен құрғақшылыққа шыдамдылықты ұштастыратын майлы зығырдың жаңа сорт түрін өндіріске енгізу. Себудің оңтайлы мөлшерін сонымен қоса неғұрлым тиімді

10 мамы р	5,0	P ₀	21.05	03.06	23.06	02.07	18.08	89
	6,0		21.05	03.06	23.06	02.07	18.08	89
	7,0		21.05	03.06	23.06	02.07	18.08	89
	5,0	P ₉₀	21.05	03.06	23.06	03.07	19.08	90
	6,0		21.05	03.06	23.06	04.07	19.08	90
	7,0		21.05	03.06	23.06	04.07	19.08	90
15 мамы р	5,0	P ₀	25.05	07.06	25.06	04.07	22.08	89
	6,0		25.06	07.06	25.06	04.07	22.08	89
	7,0		25.05	07.06	25.06	04.07	22.08	89
	5,0	P ₉₀	25.05	07.06	25.06	04.07	25.08	91
	6,0		24.05	07.06	26.06	05.07	25.08	91
	7,0		24.05	07.06	26.06	05.07	25.08	91
20 мамы р	5,0	P ₀	31.05	14.06	05.07	15.07	02.09	91
	6,0		31.05	14.06	05.07	15.07	02.09	91
	7,0		31.05	14.06	05.07	15.07	02.09	91
	5,0	P ₉₀	31.05	14.06	06.07	15.07	03.09	95
	6,0		30.05	13.06	06.07	16.07	02.09	93
	7,0		30.05	13.06	05.07	16.07	02.09	93

Зерттеу алаңдарындағы майлы зығыр мөлдектерінің кезеңаралық ұзақтығы. Себу мөлшері 10 мамыр мен 20 мамыр аралығында жүргізілді. Нәтижесінде қалыптасқан жағдай барлық дақылдар бойынша өсіп-даму кезеңдерінің және кезең аралық ұзақтығына айтарлықтай әсер етті.

Айта кету керек, майлы зығыр өсімдіктері орташа құрғақтық жағдайда дақылдар біркелкі болды. «Шыршалану - гүлдену» кезеңінде болашақ тұқымдарға арналған толыққанды қорапша түзу пайда болды.

Фенологиялық бақылаулардың нәтижелері бойынша майлы зығырда толық көшеттер белгіленген кезең: бірінші мерзім – себуден кейін 9-11 күн, екінші мерзім - 11-12 күн, үшінші мерзім – 7-8 күн. Өсіп-даму кезеңнің ұзақтығына екінші онкүндікте және шілде айының соңына дейін (107,5 мм) түскен, көпжылдық нормадан 2 есе асып кеткен жауын-шашын үлкен әсер етті (50,0 мм). Бұл пісіп-жетілу ұзақтығына әсер етті, сондықтан майлы зығырда бұл кезең 33-41 күнді құрады.

Майлы зығырдағы шыршалану фазасының пайда болу мерзімі – 9-10 күн, екінші – 8-9 күн, үшінші мерзімде - өніп шыққаннан кейін 9 - 10 күн. Майлы зығыр өсімдігінің келесі кезеңдерінің басталуы келесідей болды: көктеу «шыршалану» фазасынан кейін 9-11 күн ішінде пайда болды. Майлы зығырдың гүлденуі бірінші мерзімде 24-25 маусымда (себуден кейін 41-42 күн), екіншісінде – 27 маусымда (37 күн), үшіншісінде – 9-10 шілдеде (36-37 күн) басталды. Екінші онкүндікте және шілде айының соңына дейін жауған жауын-шашын майлы зығырдың пісетін кезеңін ұлғайтты. Сонымен, майлы зығырдың толық пісу интерфазалық кезеңі: бірінші кезең - 19 күн, екінші кезең - 17 күн, үшінші кезең -21 күн. Барлық дақылдарда себу мерзімдері

ерте кезден кешеуілдеуге қарай себу кезеңінің ұзақтығы 2-3 күнге ұзартылды, бұл тұқым себу тереңдігінің жоғарғы қабаты құрғаған кезде 3-тен 5 см-ге дейін ұлғаюымен байланысты болды. Егіс нормалары майлы дақылдардың өсуі мен дамуына белгілі бір әсер етті. Өсімдіктер арасындағы бәсекелестіктің артуы нәтижесінде себу нормасының жоғарылауымен кезеңаралық кезеңдердің 1-2 күнге қысқаруы байқалды, бұл әсіресе жауын - шашынның сыни айларында - маусымда, әсіресе 2021 жылдың шілдесінде, өсімдіктер ылғалға мұқтаж болған кезде қатты байқалды, жауын-шашын өте аз мөлшерде болды. Мәселен, майлы зығырдың өсіп-даму кезеңі егістіктің бірінші мерзімінде 69-70 күнді, екіншісінде 67-68 күнді, үшіншісінде 66-67 күнді құрады.

2-кесте. Майлы зығырдың себу мерзімі мен себу мөлшеріне байланысты астық өнімділігі

Себу мерзімі	Себу мөлшері, млн өңгіш тұқым 1 га	Фон		Ауытқу +,-
		тыңайтылған, Р90	тыңайтылмаған(бақылау)	
р 10мамы	5,0	10,7	7,5	+3, 2
	6,0	9,7	6,8	+2, 9
	7,0	9,0	6,5	+2, 5
р 15мамы	5,0	13,0	9,3	+3, 7
	6,0	14,1	9,8	+4, 3
	7,0	13,9	9,4	+4, 5
р 20мамы	5,0	15,9	11,8	+4, 1
	6,0	15,5	11,6	+3, 9
	7,0	14,8	10,3	+4, 5

Майлы зығырды себу мерзімі үш кезеңнен тұрды. Әрбір себу кезеңінде тыңайтылған және тыңайтылмаған егіс алқабында 5 млн.өңгіш тұқым енгізу барысында тыңайтылған жерден 10.7 ц/га жоғары, ал 7 млн. өңгіш тұқым енгізу барысында тыңайтылмаған жерде 6,5 ц/га өнім алынды. Ал ауытқу

көрсеткіші +3.2 ц/га құрады. 10 мамыр себу мерзімі кезінде жоғары өнім 5 млн. өңгіш тұқымнан, ал төмен өнім 7 млн. өңгіш тұқымнан алынды.

Себу мерзімі 15 мамыр күні 6 млн. өңгіш тұқым енгізу барысында тыңайтылған жерден 14.1 ц/га жоғары өнім, ал тыңайтылмаған жерден 5 млн. өңгіш тұқым енгізу барысында 9.3 ц/га төменірек өнім алынды. Ал ортақ ауытқу көрсеткіші +4.2 ц/га құрады.

Себу мерзімі 20 мамыр күні 5 млн. өңгіш тұқым енгізу барысында тыңайтылған жерден 15.9 ц/га жоғары өнім, ал тыңайтылмаған жерден 7 млн. өңгіш тұқым енгізу барысында 10.3 ц/га төменірек өнім алынды. Ал ортақ ауытқу көрсеткіші +3.8 ц/га құрады. Үш кезенді қорытындылай қарасақ, 20 мамыр тыңайтылған және де тыңайтылмаған егіс алқабынан жоғары астық өнімі алынды.

2015-2017 жылдар аралығындағы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің қаржыландыру бағыты бойынша «Егіншілік және өсімдік шаруашылығы кафедрасының доценті Е.А.Гордеева ғылыми жұмысының нәтижесі бойынша майлы зығырдың тыңайтқыш аясы мен өнімділігі зерттелген және ол зерттеулерде майлы зығыр өнімділігі оң баға берген» [5].

Зығыр майы өте құнарлы, майлы дақыл. Жүргізілген зерттеулер негізінде келесідей қорытынды шығарылды. Солтүстік Қазақстан жағдайында өсірудің технологиялық параметрлері мен тәсілдерін сақтай отырып, майлы зығыр өсірген әлдеқайда қолайлы. Майлы зығырды себудің оңтайлы мерзімі - мамырдың үшінші онкүндігі. Осы кезеңде егілген өсімдіктер күзгі аяздың астына түспестен пісіп үлгереді. Солтүстік Қазақстан жағдайында майлы зығырды өсіру арқылы жақсы өнім алынуда.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Илялетдинов, Ш.Н. Масличные культуры // Ш.Н. Илялетдинов – А-Ата: Кайнар, 1976. – 96 с.

2 Жумабекова, А.М. Болезни льна масличного и меры борьбы с ними //А.М. Жумабекова, Г.А. Мукушева / Материалы международной научнотеоретической конференции «Сейфуллинские чтения-10: «Новые перспективы подготовки конкурентоспособных кадров и роль науки в формировании индустриально-инновационной политики страны», посвященной 120-летию со дня рождения С. Сейфуллина. 2014. – Т.1., ч.1. – С.61-63.

3 Казахстан: Масличные страдания. Информационное Агентство «Казах Зерно». Источник: <http://www.kazakh-zerno.kz/>

4 Авдеенко, А.П. Продуктивность сортов *Linum Usitatissimum* в зависимости от нормы высева в условиях Приазовской зоны Ростовской области / /А.П. Авдеенко/ Международный научно-исследовательский журнал - № 8(39)-Сентябрь, Часть 4, Екатеринбург, 2015. С. 9-13.

5 Shestakova N., Yatsyuk S., Zhanbyrshina N. Evaluation of ecological plasticity and fat biosynthesis in oil flaxseed cultivars in the dry-steppe zone of northern Kazakhtan. -Journal of Environmental Management and Tourism.- V.YIII, I.5(21),2017.- 995-1001.